Бекітемін:
«Алтын Самұрық» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Э.С.Мырсейтова

«АЛТЫН САМҰРЫҚ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту

Тәрбиеші: Сыздық Ш. Ә.

Түркістан-2026

Made with GAMMA

Мақсаты мен міндеттері:

- ✓ Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу және білім беру процесіне белсенді қатыстыру арқылы бала тәрбиесіндегі ынтымақтастықты нығайту.

- ✓ Ата-аналарға балабақша өмірін таныту;
- ✓ Тәрбиелеу-білім беру процесінде ата-ананың белсенді рөлін арттыру;

- ✓ Ойын арқылы отбасы мен балабақша байланысын күшейту.
- ✓ Баланың жан-жақты дамуына бірлесіп жағдай жасау;

Made with GAMMA

Бүгін мен өз ойымды бір қарапайым бірақ терең мағаналы сандар арқылы жеткізгім келеді.

Тәрбие -тәрбиесіз берілген білім бағытсыз жолмен тең.

1

Білім- тәрбие болғанда мәнге ие болады.

0

Ақыл-тәрбие болғанда ақылды деп айта аламыз.

0

Өнер-баланың шығармашылығы.

0

Еңбекқорлық-еңбексіз нәтиже болмайды.

0

Талапшылдық-бұл алға жетелейтін күш.

0

Егер тәрбие болмаса ... Осы қасиеттердің барлығы нөлге тең. Ал тәрбие болса нөлдердің әрқайсы мәнге ие болады.

Біздің мақсат -100000 адамға татитын бір тұлға қалыптастыру.

Ал мұндай тұлға кездейсоқ қалыптаспайды.
Ол -дұрыс бағыттың, дұрыс тәрбиенің және ең бастысы -тиімді әдістің нәтижесі.

Шын мәнінде, бала бәрін үйрене алады.
Тек мәселе – біз оны қалай үйретеміз.
Егер біз тек түсіндірсек бала тыңдайды.
Егер көрсетсек — түсінеді.
Ал егер ойын арқылы үйретсек бала үйренеді.

«Айналмалы қорапшалар» авторлық ойынымды қолданамын
Бұл ойын:
✓ баланың қызығушылығын арттырады
✓ ойлау қабілетін дамытады
✓ белсенді әрекетке әкеледі.

Сондықтан менің педагогикалық ұстанымым:Ата-аналарды балалардың даму процесіне тарту мен қызығушылығын арттыру.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде ата-анамен тығыз байланыс орнату – баланың жан-жақты дамуының негізгі шарты болып табылады. Бала тәрбиесі – отбасы мен балабақшаның бірлескен еңбегінің нәтижесі. Осы бағытта мен өз тәжірибемде ата-аналарды тәрбиелік үдеріске жүйелі түрде тартуды басты назарға алдым.

«Әжелер мектебі»

Мақсаты:Ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді бала бойына сіңіруде әжелердің тәжірибесін пайдалану.

«Ертегі – тәрбие көзі» (әжелер ертегі айтып берді)

«Дәстүр – асыл мұра» (қолөнер, тағам дайындау)

Бесік жыры, мақал-мәтел үйрету

«Әкелер мектебі»

Мақсаты:

Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту, жауапкершілігін арттыру.

«Әке – отбасы тірегі» тақырыбында кездесу.

Әкелермен спорттық жарыстар.

Қолөнер және еңбекке баулу іс-әрекеттері

«Жас аналар мектебі»

Мақсаты:Жас аналарға педагогикалық және психологиялық қолдау

«Бала дамуының кезеңдері» тақырыбында кеңестер

Тренингтер: «Тиімді қарым-қатынас», «Баламен дұрыс сөйлесу»

Шеберлік сағаттары (дамыту ойындары, үй жағдайында оқыту)

Ата-аналармен тиімді қарым қатынас орнатудағы маңызды қадамдар

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты орнату арқылы тәрбиелеушілерді ұлттық және отбасылық құндылықтарға баулу

«Жас аналар мектебі»

Ата-аналарды тәрбиелік үдеріске тарту тек жиналыс өткізумен шектелмеуі тиіс.«Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» сияқты бағыттар арқылы: тәрбие жұмысы тереңдейді ұлттық құндылықтар сақталады бала дамуына кешенді әсер беріледі

Мен сіздерге шығармашылық ойлауды тексеретін шағын тапсырма ұсынып отырмын. Орындаған кезде тапсырманы жаңа көзқараспен қарауға тырысыңыз, стандартты шешімнен асып кетіңіз. Мұқият тыңдаңыздар (уақыт 2-3 секунды)





1

Көпшілігіміз бұл тапсырманы осы нүктелердің ішінде ғана шешуге тырысамыз. Яғни өзімізге шектеу қоямыз.

2

Бірақ бұл тапсырманың мәні-сол шектеуден шығу.

3

Шешім нүктенің ішінде емес, сыртында.

4

Ал ойлау шекарасын кеңейтсек біз:

- ***Жаңа жол табамыз***
- ***Тез шешім қабылдаймыз***
- ***Дұрыс бағыт таңдаймыз.***

Педагогикалық мәні

- Дәл сол сияқты білім беруде де;
- балаға дайын шеңбер берсек –ол тек соның ішінде ғана ойдайды;
- ал тиімді әдіс қолдансақ - бала шекарадан шығып ойлайды.

Құрметті әріптестер!
Білім беру — бұл жай ғана оқыту емес
Бұл — баланың жүрегіне жол табу.

Сондықтан біз өзімізге сұрақ қоюымыз керек:
Менің әдісім балаға қызық па?
Біз баланы оқытып жатырмыз ба…
әлде оны шабыттандырып жатырмыз ба?

Балаға білім беру — міндет.
Ал оны шабыттандыру — шеберлік.
Әрбір тиімді әдіс — 100000 адамға татитын тұлғаға бастар жол.

Қорытынды

Тиімді тәсіл

Балабақша мен отбасы бір бағытта жұмыс істегенде, бала тұрақты дамиды.

Маңыздылығы

Бала өзіне сенімді, ашық мінезді,мейірімді шығармашыл тұлға ретінде қалыптасады.Ата-аналар-балабақша өмірінің белсенді мүшесіне айналады.

Ұсыныстар

Әр оқужылының басында «Отбас мен балабақша» серіктестік жоспарын құру. Отбасылық жобалар апталығын өткізу. Менің отбасымның дәстүрі. Менің мамандығым.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы серіктестік -баланың тұлғалық дамуының басты тірегі. Ата-аналар тәрбиелеу процесінің белсенді мүшесіне айналған сайын балабақшадағы білім сапасыартып, Біртұтас бағытта дамилы.

Made with GAMMA